

Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 22 маусымдағы № А-5/197 қаулысы. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 шілдеде № 1-10-166 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қазандағы № а-7/286 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 03.10.2014 № а-7/286 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 11-бабы 2-тармағының 3-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әр тоқсан сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Еңбекшілдер ауданы әкімінің орынбасары Қ.Ш.Шаяхметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Садуақасұлы